

Тілдің сөздік құрамы. Тілдің Синонимдер және олардың түрлері. лексика-семантикалық жүйесі. Антоним болатын сөз таптары

Мақсаты:



Лексиканың стильдік ерекшеліктері

Қоғамдағы адамдардың еңбек процесінде өзара түсінісіп, пікір алысуының еңбекті ұйымдастыруда, еңбек өнімін арттыруда ерекше маңызы бар. Белгілі тілдің сөздік құрамына енетін сол: тілде қолданылатын сөз байлығын, халық қазынасын іріктеп ұстаудың, дұрыс пайдаланудың жазу, сөйлеу тілінде ерекше зор маңызы бар. Қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланған ақын, жазушы жоқ және қазақ тіліндегі сөздер толық жиналып, әр сөздің мағыналары есепке алынатын түсіндірмелі сөздік толық жасалған жоқ. Сөйте тұрса да, тілдегі бар сөздерді әркім өзінің керегінше, өзінің білгенінше пайдаланады.

Сөздің контекстік мағынасы және көп мағыналылығы

Сөз мағынасы әуел баста көп болмаса да, бертін келе дамып, молайып отырған. Әрі оның кейбір мағыналары алыстап, омонимге ауысып отырған. Тіл-тілдің қай-қайсысы болса да көп мағыналылықты онша ұнатпайды. Бірақ, онан құтыла да алмайды, өйткені ол өмір қажетінен туып отырады. Бір сөздің уақыт өте келе әр қолданыс сапасына қарай, әр түрлі себептермен әр заттың не құбылыстың атауы болып жұмсалуды заттың контекстік мағынасы болады. Ал бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалуды – бұл көп мағыналылық деп аталады.

Сөздің көп мағыналылығы

Сөздің мағыналық жағы семасиологияда қаралады. Лексикологияның ең басты зерттеу объектісі — сөз. Тілдегі әрбір сөзде белгілі мағына бар. Мағынасыз сөз болмайды. Сөз өзімізді қоршаған кең дүниедегі зат пен құбылыстың атауы болғандықтан, оларға тән телінді дербес өзіндік мағынасы болады.

Сөздің мағыналық жағы семасиологияда қаралады. Лексикологияның ең басты зерттеу объектісі — сөз. Тілдегі әрбір сөзде белгілі мағына бар. Мағынасыз сөз болмайды. Сөз өзімізді қоршаған кең дүниедегі зат пен құбылыстың атауы болғандықтан, оларға тән телінді дербес өзіндік мағынасы болады.

Омонимдер туралы түсінік

Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің өзара жақындығы бар. Осыдан келіп, кейде оларды бір-бірінен айыру қиындыққа соғады. Бірақ көп мағыналы сөздерден омонимдерді айырудың қиындығы барлық омонимдерге бірдей қатысты емес. Мысалы, — өкпе (өкпесі қабыну) деген сөз бен «реніш» деген мағынаны білдіретін өкпе деген сөздің омонимдес сөздер екені бірден ашық аңғарылады. Көп мағыналы сөздер әр түрлі заттың атауы болғанмен, олардың арасында қанда да мағыналық жақындық, ұқсастық болады. Ал омоним сөздер арасында ондай мағыналық жақындық, ұқсастық болмайды. Лексикалық омонимдер айтылуы бірдей, бірақ мағыналары бөлек сөздер. Омонимдердің түрлері: толық омонимдер, туынды омонимдер, сөз қолдану процесінде пайда болып отыратын омофондар, омофориалар, омографтар, паронимдер.

Лексикалық омонимдер айтылуы бірдей, бірақ мағыналары бөлек сөздер.

Омонимдердің түрлері

Омонимдердің түрлері: толық омонимдер, туынды омонимдер, сөз қолдану процесінде пайда болып отыратын омофондар, омоформалар, омографтар, паронимдер.

